

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай - бақшасы

Бекітемін: *Асау*
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай – бақшасының
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.



(Сақина салмақ)

Тәрбиешілер: Утеуова М

Аманжолова Г

Таушық 2025ж

Тәрбиеші

– Сәлеметсіздер ме, балалар!

Бүгін біз өте қызықты тақырыппен танысамыз. Ол – ұлттық ойындар!

Ұлттық ойындар – біздің ата-бабамыздан қалған қазына, байлығымыз.

Ойын арқылы бала ақылды, епті, батыл болады.

«Сиқырлы сандықша»

Тәрбиеші үстелге ұлттық нақыштағы сандық қояды.

Тәрбиеші:

– Балалар, менің қолымда сиқырлы сандықша бар.. Оның ішінде не бар екен?

Жапсырмада жазылған: «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»

– Ендеше бүгін сандықты ашып, ұлттық ойынмен танысамыз!

Балалар:

– Ашайық!

Сандықшадан кішкентай дорба шығады — «Сақина салу».

Балалар бізге ұлттық ойындар арасынан **сақина салмақ** ойыны берілген екен.

Ендеше балалар жарты шеңберге отырайық.

Тәрбиеші: Ойын шарты менің қолымда сақина бар . Мен сақинаны біреуге саламын.

– Сақина кімде екенін табу керек?

- Дильназда .
- Жарайсың Айым.

Айым ортаға шығып өлең айтып береді. Ойын осылай жалғаса береді.

Тәрбиеші:

– Балалар, бүгін біз сақина салмақ ойынымен таныстық.

Ұлттық ойын – біздің қазынамыз, байлығымыз.

Ойын арқылы біз епті, батыл, ақылды боламыз.

